

Есеп әдісімен импорт тауарлар бойынша төлеуге тиісті қосылған құн салығы сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша міндеттемелер нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 2 қарашадағы N 1495 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 1697. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 қаңтардағы N 23 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 қаңтардағы N 23 бұйрығымен .

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексіне) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Осы бұйрыққа сәйкес қоса беріліп отырған Есеп әдісімен импорт тауарлар бойынша төлеуге тиісті қосылған құн салығы сомасын қосылған құн салығы жөніндегі декларацияда көрсету бойынша міндеттемелер нысандарының (бұдан әрі - Міндеттеме) қосымша бекітілсін.

2. Міндеттеме импортталатын тауарларды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органына екі данада ұсынылатындығы белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Міндеттеменің бір данасымен қосылған құн салығын төлеуші - сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тіркеу орны бойынша салық органдарын қамтамасыз етсін.

4. Әдістеме департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісіп және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Вице-министр С.С. Қанатовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

